



● ПРЕЗИДЕНТ



Геннадий Головкинді құттықтады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпқой боксшы, Әлем чемпионы Геннадий Головкинді туған күнімен құттықтап, жеделхат жолдады.

— Әуесқой және кәсіпқой бокстағы мансабыңызда өзіңізді бірегей спортшы ретінде таныттыңыз. Денгейі өте жоғары жарыстарда еліміздің намысын абыроймен қорғадыңыз, сондай-ақ Қазақстандағы және әлемдегі көптеген бокс жанкүйеріне қуаныш, жарқын көңіл-күй сыйладыңыз. Табиғи талантыңыз бен еңбексүйгіштік қасиетіңіз спорт саласында зор жетістіктерге жетуге ықпал етті. Жастарымызға үлгі болдыңыз. Сіздің отандық бокстың дамуына үлкен үлес қоса беретініңізге сенімдімін, — деп жазылған Президенттің құттықтау жеделхатында.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшының шаршы алаңда өтетін кезекті жекпе-жегінде жеңіске жетуіне тілектестік білдірді.

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ОБЛЫС АКТИВІНЕ ЖАҢА ӘКІМДІ ТАНЫСТЫРДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Қызылорда облысына жұмыс сапарымен ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов пен ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы Мұрат Нұртілеу келді. Олар облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясына қатысты.

Әлихан Смайылов мәслихат депутаттарына ҚР Президентінің Қызылорда облысының әкімі лауазымына Нұрлыбек Нәлібаевты тағайындау жөніндегі ұсынысын жеткізді. Депутаттар ұсынылған кандидатураны қолдады.

Актив отырысы барысында ҚР Премьер-Министрі Гүлшара Әбдіқалықоваға облысты дамыту, маңызды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру және әлеуметтік саланы нығайту бойынша атқарған белсенді жұмысы үшін алғыс айтты.

— Гүлшара Наушақызы екі жылдан

астам уақыт туған өңірінде қажырлы еңбек етті. Бірқатар маңызды жобалар іске асырылып, Қызылорда облысы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Мемлекет басшысының және өзіміз атымынан сізге облысты дамытуға қосқан үлесіңіз үшін алғыс білдіремін, — деді ҚР Премьер-Министрі.

Жаңа әкімді таныстыра отырып, Әлихан Смайылов Нұрлыбек Нәлібаевтың жауапты мемлекеттік лауазымдардағы, соның ішінде Шиелі

ауданы мен Қызылорда қаласының әкімі қызметіндегі жоғары кәсібилігі мен үлкен жұмыс тәжірибесін атап өтті.

Әлихан Смайылов облыс басшылығына Мемлекет басшысының халыққа арнаған Жолдауында айтылған жаңа міндеттерді іске асыру, оның ішінде тұрғындардың әл-ауқатын арттыру мақсатында белсенді түрде жұмыс істеу керектігін атап өтті. Осы орайда, Премьер-Министр ағымдағы проблемалық мәселелерді жедел шешіп, шағын және орта бизнесті дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру, инвестициялар тарту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет екенін атап өтті.

— Тарихы тереңнен басталатын Қызылорда өңірінің дамуына Мемлекет басшысы әрдайым ерекше мән береді. Облыстың ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және тағы да басқа

салаларда потенциалы өте зор. Біз бірінші кезекте халықтың әлеуметтік жағдайын, тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған нақты шараларды жүзеге асыруымыз тиіс. ҚР Президентінің биылғы Жолдауында осы мәселеге айрықша назар аударылған. Сондай-ақ облыста біраз жиналған мәселе барын жақсы білеміз. Әсіресе, су мәселесі өзекті болып отыр. Мұны шешу үшін Үкімет көршілес елдермен келіссөздер жүргізіп, тиісті шараларды бірлесе атқаруда. Жағдайды ерекше бақылауда ұстаймыз. Жаңа облыс әкімі Үкіметке барлық проблемалық мәселелерді реттеу бойынша тиісті ұсыныстар енгізуі керек, — деп түйінделді ҚР Премьер-Министрі.

ҚР Премьер-Министрінің баспасөз қызметі

Н.М. НӘЛІБАЕВТЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев Қызылорда облысының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 7 сәуір

№ 860



НҮРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВ – ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен Қызылорда облысының әкімі лауазымына Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев тағайындалды.

Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлы 1976 жылы туған. Қазақ мемлекеттік аграрлық универ-

ситетін, Қазақ гуманитарлық заң университетін бітірген. Мамандығы бойынша экономист-менеджер, заңгер.

Еңбек жолын 1997 жылы коммерциялық құрылымдарда бастап, сол жерде 2005 жылға дейін, әртүрлі басшылық қызметтер атқарған.

2005-2007 жылдары Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары болған. 2007-

2008 жылдары Қызылорда облысы әкімінің аппаратын басқарған. 2008-2013 жылдары Шиелі ауданының әкімі болып қызмет атқарған. 2013-2021 жылдары Қызылорда қаласының әкімі болған.

2021 жылғы сәуірден бастап Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Өңірлік даму бөлімінің меңгерушісі.

● МӘСЕЛЕ

Оқулық түзелмей, олқылық орны толмайды

Балаға ерте жастан білім беру – бүгінгі күннің басты талабының бірі. Дегенмен, білім беруде баланың жас ерекшелігін ескеріп, сол берілген білімді қабылдай алатын мүмкіндігіне де назар аударған жөн. Мәселен, аузынан ана сүті кеппеген балабақша қабырғасындағы бұлдіршіндерге үш тілді үйрету ақылға қона бермейді. Рас, әу басында тәжірибе ретінде қолданысқа енген бағдарлама осы күні қарқынды жүзеге асырылып жатыр. Бұл тұрғыда тәрбиешінің еңбегі зор, әрине. Оған талас жоқ. Алайда ойын баласының ой-санасына салмақ түсіріп жатқанымызды да жасырмаған жөн.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

2015-2020 жылдар аралығында елімізде білім берудің барлық деңгейлерінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін үш тілде білім беруді кезек-кезеңмен енгізу бағытында арнайы жол картасы әзірленіп, оның аясында жүзеге асырылатын мақсатты индикаторлар да бекітілген болатын. Айталық, бағдарламаға сәйкес ағылшын тілінің сөздік қорын меңгерген мектеп

жасына дейінгі балалардың үлесі 2015 жылы 7% болса, 2020 жылы 30%-ке жетуі тиіс, ал қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген мектеп бітіруші оқушылардың үлесі 2020 жылы 90%-ті құрауы қажет болатын. Сондай-ақ, 2015 жылы үш тілде білім беретін мектептер саны 100-ден астам болса, 2020 жылы 700-ге жетуі міндеттелген еді.

3-бет

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Қарап жатпағанның қармағы қабады

Қармақшыға жол түсті. Басты мақсат – мемлекет қамқорлығымен өз іскерлігін көрсетіп, өнімін елге ұсынған кәсіп иелерінің қарқынын көзбен көріп, басылым бетіне айшықтан жазу. Мұнда нарыққа бейімделіп, шаруасын өрістеткен тұрғындар көбеймесе, азайған емес. Біз танысқан жеке кәсіпкерлердің көбісі шағын бизнесті дамытуға күш салған. Жалқаулық деген кесірді жанына жуытпағандардың еңбегі шынымен де көпке үлгі боларлықтай.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Еркебулан Әбдікерөвтің айтуынша, өнеркәсіп өнімінің көлемі 489,5 млн теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 104,2 процентке, өңдеу өнер-

кәсібіндегі өндірілген өнім көлемі 406,4 млн теңге болып, 105,2 процентке орындалған. Ал ауданда тіркелген шағын және орта кәсіпкерліктің саны 3756 болса, оның ішіндегі жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлердің үлесі 90,4% құрайды.

2-бет



Суреттерді түсірген Н.НҮРЖАУБАЙ

● ЕЛ БІРІНШІЛІГІ

Білекті балуандар белдесуі

Бейсенбіде Қызылорда қаласындағы «Мүз айдыны» спорт кешенінде грек-рим, еркін және әйелдер күресінен 17-23 жасқа дейінгі жасөспірімдер және жастар арасындағы ел біріншілігі салтанатты ашылды.

Аталған іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай, Азия құрлығының және ҚР Біріккен күрес федерациясының президенті Дәулет Тұрлыханов қатысты.

6-бет

Ауырмаудың жолы – алдын алу

Жіті ішек инфекциялары – бактериялар, вирустар, қарапайымдылар тудыратын, балалар мен ересек адамдарда ішек қызметінің бұзылуымен (диарея) сипатталатын жұқпалы ауру. Ішек жұқпасы әлемде ең көп таралған инфекциялардың қатарына жатады. Жұқпалы жіті ішек ауруларының бас көтергізі мезгілі – жаз айлары. Ішектің ауруға шалдығуы, іштің бұзылуы организмнің кейбір тағамдарды қорыта алмауымен байланысты.

Инфекция гигиеналық тазалықтың төмен болуынан, азық-түліктен, жуылмаған көкөністерден, пісірілмеген сүттен, сапасыз тағамдар пайдаланғаннан, шала пісірілген тағамдарды қолдану, сондай-ақ, ауысууды қолданпай ішкеннен, лас суға түскеннен жұғады.

Аурудың алғашқы белгілері іштің жиі-жиі өтуі, дене қызуының көтерілуі, сәбилердің емуден бас тартуы, асқа тәбеті болмау, шөлдеу, құсу, бас ауру, жалпы әлсіздік, селкоқтық, мазасыздық, ауырсыну жатады. Науқастың жиі құсуы, іші өткен сайын жағдайы ауырлай түседі. Өйткені, организм өзіндегі тіршілікке қажетті су мен тұзды көп жоғалтады. Жоғарыдағы аталған клиникалық белгілер пайда болса, міндетті түрде дәрігерге көріну керек. Мұндай кезде дәрігер келгенге дейін біраз уақыт кетеді. Сондықтан мүмкіндігінше ем жасай бастаған жөн. Ол үшін сұйықты мол, көбірек ішкізген жөн.

Антибиотик қолдануға болмайды, өйткені аурудың клиникалық сипатын өзгертеді, мұның өзі дұрыс диагноз қоюды қиындатады. Жоғалған сұйықтың орнын толтыру үшін ана сүті (нәрселерге), айран, күрші суы, сұйық шай, кисель, қайнатылған және салқындалған су, тұзды-минералды су ерітіндісі – «Регидрон» ұнтағының 1 пакеті қайнатылып, бөлме температурасында суытылып 1 литр суға дайындалады. Дайын ерітіндіні әр 3-5 минут сайын ішу керек. Егер құспаса, аз-аздан жиі ішкізуге болады. Ерітінді әр күнге жандан дайындалады.

Ішек инфекцияларының алдын алу үшін азық-түлік сапасы өте маңызды. Бактериялар өміршеңдігін сақтап қана қоймай, асқазан-ішек жолына кір қол, ластанған су, сапасыз азық-түлік арқылы түсіп, қарқынды түрде көбейеді. Әсіресе, тұтынар алдында термиялық өңдеуден өтпейтін тағамдар өте қауіпті. Ондай тағамдарға салат-



тар, винегреттер, сондай-ақ жеміс-жидек жатады. Жаз және күз маусымдарда сүт өнімдерінде бактериялар көбейеді.

Кішкентай нәрселерді аурудан сақтау үшін қарапайым санитарлық-гигиеналық ережелерді ұстанып, тамақтандырар және тамағын дайындаар алдында қолды сабындау жуу керек. Кей жағдайларда ауру өте ауыр түрде өтіп, өмірге қауіп тудыруы мүмкін. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген сөз ешқашан да маңызды жоймайды.

**Назым ЖАЙПАНОВА,
№1 қалалық емхана
жұқпалы аурулар кабинетінің
мейірбегісі**

Қызмет алу тәртібі

Неғұрлым сұранысқа ие анықтамаларды мемлекеттік қызметтер тізбесінен шығарылған жеке-леге мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің ақпараттық қарау режимінде көрсету жүзеге асырылған.

Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалған.

Цифрлық даму, инновациялар және әрқарыш өнеркәсібі министрлігінің «Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыра және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынп тасталған.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарымен мемлекеттік қызметтің енді 3 түрі көрсетіледі:

- соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама;
- мұрағаттық анықтама;
- прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама.

Бұл процесстің автоматтандырылуы мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндігі берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды.

Сонымен қатар, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және «ЕGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған».

Бұдан басқа, өзінің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыпқұндыңды біл» атты қосымшадағы комитеттің http://qamqor.gov.kz сайтынан алуға болады.

Бүгінгі күнде біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлап және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндігі жүзеге асырылған.

«Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті онлайндару аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық – мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып, шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдіру. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде мемлекеттік корпорацияға барып жолданып.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамасын өз бетінше егер бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық

анықтама алуға мемлекеттік корпорацияның фронт-кенесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосым Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алу үшін азаматтардың мобильді базасына тіркелу керек.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы аспотильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидағы бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салғын төлеу, қағаз жүзінде нәтижесін алу үшін, порталдан мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/бөлмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды жағдайда автоматтандырылған және (немесе) қағаз жүзінде көрсетіледі.

Архивтік анықтама алу үшін қызмет алушы портал және мемлекеттік корпорация бағамасы арқылы туыстығын растайтын құжаттардың көшірмесін қоса сала отырып, өтініш береді, қажет болған жағдайда оны апостильмен бірге композитті түрде ала алады.

**ДАХЫЛБЕКОВА,
ҚРБП ҚСЖАЕК-нің облыс
бойынша басқармасының
қылмыстық саласында
құқықтық ақпаратты
қалыптастыру бөлімінің
прокуроры**

Қызылорда облысы әкімінің 2022 жылғы 29 наурыздағы № 520 қаулысы

Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 6), 7) тармақтарына және «Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №659 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТІДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылғы 10 қарашадағы №635 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің

қызметін қамтамасыз ету басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2022 жылғы 9 ақпандағы №485 қаулысы жойылсын.

4. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамда белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Г.Әбдіқалықова

Қызылорда облысы әкімінің 2022 жылғы «29» наурыздағы № 520 қаулысына қосымша Қызылорда облысы әкімінің 2016 жылғы 10 қарашадағы № 635 қаулысымен бекітілген

«Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы) Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасын ортақ және жергілікті атқарушы органдардың барлық аумақтық бөлімшелерінің келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз ету салдарындағы функцияларды жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілетті берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 468320, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы, 16.

10. Осы ереже Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

11. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

12. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

13. Мақсаттары: 13.1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

14. Әкілеттіктері: 14.1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

15. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

16. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

17. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

18. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

19. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

20. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

21. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

22. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

23. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

24. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

25. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

26. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

27. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

28. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

29. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

30. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

31. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

32. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

33. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

34. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

35. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

● КӨРМЕ

Көз қуантатын «Көктем бояулары»

С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында «Көктем бояулары» атты облыс суретшілерінің туындылары қойылған көрме өтті. Көрме галереяның Ұлттық рухани жаңғыру жобасы аясында және «Бейнелеу бағыты» бойынша ұйымдастырылған.

Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзсейбаев суретшілерге жеке архивіндегі еңбектерін халық назарына ұсынғаны үшін алғыс білдірді.

Өнер мәңгі жасайды. Соның ішінде бейнелеу өнері ғасыр бейнесін бізге жоғалтпай жеткізеді. Сурет салу – өмірді, табиғатты, айнала қоршаған ортаны сүю. Ол адамның ақыл-ой парасатын өсіреді. Танымын

кеңейтеді, ізгілікке, әсемдікке үйретеді. Сурет – бұл адамзат баласының заманнан-заманға жеткен рухани эстетикалық байлығы. Сыр суретшілеріне алғысымыз шексіз, – деді ол.

Мұнан соң Қазақстан Суретшілер одағы облыстық филиалының төрағасы Аманкелді Кененбаев, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Яссауи Ағытаев сөз алды.

– Сурет – шежіре. Құді-



ретін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Әрбір суретші таным-болмысты, ғажап та-

биғатты бейнелеу өнерімен ұғындыра алады. Өнер атты құдірет халықтың ұлылығын ұқтыруға қызмет етеді. Рухани өмірімізге көрік берер күдіретті өнер бүгінгіміз бен ертеңімізді нұрландыра түсері анық. Бүгінгі шара жастарды сурет өнерінің рухани әлеміне жетелейді, – деді А.Кененбаев.

Галереяға жиырмаға жуық суретші еңбектерін ұсынған. Әсіресе қыстан кейінгі табиғаттың ашық түстерімен адамның жан дүниесін үндестіре бейнелеу – сурет өнерінің құндылығы.

«Көктем бояулары» атты көрмеде картиналарды тамашалап, осы мезгілдің шуақты күндерін сезініп, жарқын сәттеріне саяхаттап қайттық. Галереядан «Көктем бояулары» бір ай бойы тамашалауға болады.

Білекті балуандар белдесуі

Жарыстың ашылу салтанатында Қайрат Нұртай балуандарға сәттілік тіледі. Сыр төрінде осындай жоғары деңгейдегі жарыстың өтуіне атсалысқан барша азаматтарға ризашылығын білдіріп, жиналған жұртшылыққа облыс басшылығының құттықтауын жеткізді.

Бұл бәсеке жастарға берілген мүмкіндік деп білемін. Бабы келіскен балуандар бапкерлер тарапынан жоғары бағаланып, ұлттық құрамаға қабылдануына жол ашылады. Жоғары жетістіктерге жетулеріңізге тілектеспін. Жарысқа қатысушылардың барлығына сәттілік тілеймін, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Салтанатты шарада Азия құрлығының және еліміздің Біріккен күрес федерациясының президенті Дәулет Тұрлыханов тілектестігін білдірді.

Алда балуандарды көптеген сайыс күтіп тұр. Сол сындарда үміт күткен үздіктеріміз топ жарып,

жеңіс тұғырынан көрінгенін қалаймыз. Мұндай бәсекелер әр жас балуанның шыңдалуына оң әсер етеді. Ел біріншілігінде бақ сынаған спортшылар арасынан мықты жастардың шығып келе жатқаны қуантты. Біз олардың алдағы уақытта ересектер арасында топ жаруына барлық мүмкіндікті жасаймыз, – деді ол.

Дәулет Болатұлы облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртайға спортқа жанашырлық білдіріп, қолдау көрсеткені үшін «Алғыс хат» табыстеді.

Ел біріншілігіне 17-23 жас аралығында екі санат бойынша 10 облыстан барлығы 1300-ге жуық спортшы қатысуға.

Жарыстың алғашқы күнінде еркін күрес шеберлері өз салмақтарында жеңімпаздарды анықтады. Ел біріншілігі 16 сәуірге дейін жалғасады.

«СБ» ақпарат

1-бет



«Асыл мұра – Орда» қоғамдық қоры мүгедектерге арналған компьютерлік білім беру орталығын ашты. Орталық қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің «Мүгедектігі бар адамдар мен жеке көмекшілер үшін компьютерлік сауаттылыққа оқытуды ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы аясында қолдау тапқан.

Компьютерлік сауаттылыққа үйренеді



Іс-шараға қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және АХАТ бөлімі басшысының орынбасары Спат Сейдахметов, қалалық мүгедектер қоғамының төрағасы Сәкен Алдашбаев және мүмкіндігі шектеулі жандар қатысты.

Орталыққа 8 компьютер орнатылып, принтермен қамтылған. Интернет желісіне қосылған. Енді мүгедектігі бар жандар мен жеке көмекшілері арнайы орталықтан және қашықтықтан компьютерлік бағдарламаларды үйренеді. Әсіресе әлеуметтік Еgov порталында жұмыс істеу дағдыларын, Еgov арқылы өтінімдерді рәсімдеу және ЭЦҚ алуды меңгеретін болады.

«СБ» ақпарат

● ШЕЖІРЕ

УАҚЫТТЫ КЕРІ АЙНАЛДЫРУ hәм айдаһардың басын кескен Кейден

Ақырзаманда күннің батыстан шығып, көкпен Иса түсіп, жерден Мәді шығатындығы жайында қасиетті кітаптарда айтылады. Бұл – уақыттың кері айналуы. Алла Тағала уақытты кері айналдыру мүмкіндігін адамға да берген. Әрине, бұл – қолмен емес, оймен айналдыру мүмкіндігі. Құдіреті күштінің осы нығмыетін пайдаланып, біз де уақытты кері айналдырып көрейік.

Бекарыстан туатын Орта жүздің жеті баласының бірі Қоңырат малы мыңғырған, жаны жайлы өмір кешкен елдің егесі екен. «Алпамыс батыр» жырындағы «Жиделі Байсын жерінде, Қоңырат деген елінде» деп келетін Қоңырат – осы.

Қоңыраттың жетінші ұрпағы Қараша – бүгінге дейінгі тараған зузатына руағы болып ауызда сақталған есім. Қараша бабаның елге тұтқа болған би, жерін жауға бермеген батыр адам болғанын осы болмыстан танымыз.

Қарашадан Кейден туады. Ұрпақ сабақтастығының өлшемі жиырма бес жыл ара қашықтығымен қарағанда да бұл бабамыздың бізден

үш ғасырдан астам уақыт ілгеріде туғанын болжауға болады.

Кейден ат мініп, найза ұстап еліне қорған болған батыр кісі екен. Мұндай кісілер халық жадынан ешуақытта өшкен емес.

Кейден батырдың айдаһармен алысып, тілінен от, тісінен у шашқан мақұлықтың басын кесіп алғаны туралы аңыз ел аузында сақталған. Жыланнан қорқатын басымыз, адамды атымен қоса жұтатын айдаһармен айқасып жатқан батырды елестеткенде жаның шошынады. Алайда, айдаһарды өлтірген Кейден батырдың өзі де қатты жаракат алып айқас болған жерде көз жұмады. Бұл жайында қазақ өлеңінің көрнекті өкілі, жанакорғандық ақын Адырбек Сопыбеков ағамыз шежірелі жырында бейнелеп айтқан:

...Қызарып күн батқанда,
Айдаһарды найзалап,
Қылышпен басын

қакқанда.
Сорғалап қаны аққанда.
Денеге уы жайылып,
Әлсіреп бара жатқанда.
Кейден батыр сөйледі,
Жүрегі жиі соққанда:
– Тарылды үні көмейдің,

Сендерге, балам,

не деймін.
Апаттан елді құтқардым,
Қапыда кеттім демеймін.
Қожамберді, Қожағым,
Қасым ерген қос тұяқ,
Елдегі балам Токтауыл,
Сендерге өмір бер

деймін,
Алладан соны тілеймін...
Шынында қазіргі Африка,
Ніл өзені жағалауында
кездесетін анақанда деп ата-
латын алып жыландар бір
кездері Сыр бойында да бо-
лыпты.

Сол алып жылан осы өңірдің күніге малы мен жанын жұтып, халыққа зор қауіп тудырған кезде Кейден батыр атқа қонып, айдаһармен айқасқа шыққан. Бұл – өшпес ерлік үлгісі. Кейден бабаның бізден кейін өмірге келетін әлі талай ұрпағы бұл оқиғаны жыр қылып, баба аруағынан бойларына қуат алатыны ақиқат.

Кейден батыр – бүгінгі ұрпақтың он екінші ата-сы. Бүгінгі ұрпақ батырды мәңгі есте қалдыру ниетімен Жанакорған ауданындағы бір ауылды Кейден есімімен атады.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»



● ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН

Рамазан – игілік, береке, кешірім, мейірім және қайырымдылық айы. Осы қасиетті айда күллі мұсылман қауымы ауыз бекітіп, сауапты істерді, қайырымдылық шараларын мольнан жасайды. Өйткені «Қайырымдылық жасасаң, қайырым өзін көресің» деген бұрыннан қалыптасқан қағида бар. Адамның адамға деген таза ниетін, ізгі қарым-қатынасын көрсететін осындай іс-шаралар көбірек ұйымдастырылса екен деп ойлайсың.

«Жақсылық керуенінің» сапары



Сырдария ауданы Шіркейлі ауылындағы Ә.Жәмішев атындағы №129 мектеп-лицейі білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесіне «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын біріктіру бойынша пилоттық жобаны жүзеге асыруда. Жобаның мақсаты – әлеуметтік топтағы барлық адамдармен қарым-қатынас орнату, мейірімділік, адамгершілік қасиетті дамыту.

Рамазан айы басталысымен мектеп ұжымы «Жақсылық керуені» қайырымдылық акциясын қолға алып, Қызылордадағы «Қарттар үйіне», Талсуаттағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығына және ауылдағы көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға арнап азық-

түлік себеттерін таратты. Мектеп ұжымы сауабы мол іске атсалысуды азаматтық парыз деп ұғынып, акцияны бірауыздан қолдады. Бір адамның қолынан келмейтін ауқымды бастаманы ауызбірліктің арқасында атқарып шықты.

Мектеп мұғалімдері мен оқушылары концерт ұйымдастырып, көрерменді қуанышқа бөледі. Жүректені мейірім мен ізгілік шуағы адамдарды бір-біріне жақындастыра түсті. Қариялар бата-сына беріп, мектеп ұжымына шығармашылық табыс тіледі. Орталықтағы балалар бірге ән шырқап, би билеп ризашылық білдірді.

Ақсауле
ЕСЕНХОЖАЕВА,
№129 мектеп-лицейі
мұғалімі.
Сырдария ауданы